



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Бүгінгі таңда жарнама әлемінде қазақ тілі мәселесі біраз шешілмегені бір талай. Сөзім дәлелді болу үшін мысал келтірейін. «Mr. Proper» ұнтағы жарнамасында «свежий запах» сөз тіркесін «балғын иіс» деп аударған. Қазақ тілі – өзінің даласындай бай тіл. Қазақтың сөзі қашан да даланың қоңыр желіндей аңқып, еркін есіп тұрады. Ата-бабамыз бізге өте бай сөздік қор мұрасын қалдырған. Сондықтан да «свежее мясо», «свежая трава», «свежий запах» деген сөз тіркестерінде «свежее» деген сөз қазақ тілінде әр алуан аударылады. Мысалы, свежее мясо – жас ет, свежая трава – балғын шөп, свежий запах – қош иіс, жұпар иіс деп аударған («балғын иіс» дегеннің орнына «қош немесе жұпар иіс») жөн болар еді. Міне, осы маркетинг саласындағы өз ана тілі мәселемізді шешсек, жарнамаларға дұрыс көңіл бөлсек, ұлттық бояуды сақтап отырсақ, іргесі берік ел болатынымыз айғақ.

Меніңше, тауарлар мен өнімдердің, қызмет түрлерінің жарнамаланып отыруын реттейтін жарнама агенттіктері қажет және олармен мемлекеттік тілді жетік меңгерген, қазақ халқының этно-мәдениетінен толық хабардар, сондай-ақ басқа тілдерді де жақсы білетін тілші мамандармен, аудармашылармен жасақталуы тиіс.

Данышпан Конфуций былай айтқан екен: «Егер де маған ел басқару мүмкіндігі туса, ең алдымен, сол елдің тіл мәселесін қолға алар едім. Себебі тіл бірлігі болмаса, пікір бірлігі болмайды және идеология дұрыс жүргізілмейді. Идеология дұрыс жүргізілмей, ортақ түсіністік таппаған елде бірлік болмайды. Сондықтан бәрінен де бұрын адамдар арасындағы бірлікті ұстап тұрған тіл мәселесі маңызды». Мен ұлы данышпанның пікірмен толықтай келісемін. Шынымен де елдің елдігі – туған тілінде. Сондықтан жарнама түрлерімен айналысатын агенттіктер мен кәсіпорындардан тіл нормаларын сақтауды талап ету, оларға жауапкершілік жүктеу, заңды бұзғандарға айыппұл салу керек. Ал жарнама берушілерге айтарым, тіл заңын сөз жүзінде қолдаған болып, іс жүзінде жүрдім-бардым қарайтындардың күйкі тірлігі – елді емес, ең алдымен, өзін-өзі алдағаны. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп дана халық тегін айтпаған. Қоғамның арқалаған жүгі ауыр болғандықтан да оның құрамына енген азаматтардың ұраны ынтымақ, бірлік, тұтастық болуы керек деп білемін.

«Ел боламын десек, бесігінді түзе» деп халық бекер айтпаған ғой. Қолымда болса, жарнамалармен айналысатын агенттіктер ғимараттарына «Ел боламын десек, жарнаманды түзе» деген жазуы бар тақтайшаны орнатуды талап етер едім.

Қорыта айтқанда, тілін сыйлаған адам – өзін-өзі сыйлаған адам. Өзгеге сыйлы боламыз десек, өзімізді сыйлай білейік. Тілімізді дамыту, оның күнделікті өмірде қолдану аясын кеңейту – үлкеннің де, кішінің де парызы. Сондықтан қазақ тілін қорлауға жол бермей, қадірлеп, аялайық достар!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Н.Т.Сауранбаев, Г.Г.Мұсабаев, Ш.Сарыбаева «Орысша-қазақша сөздік», Алматы –2005ж.
2. М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаев. «Қазақ тілінің стилистикасы», Алматы – 1990ж.
3. Конфуцийдің айтқан нақыл сөздері. (Лунь Ю)
4. Қазақ тілінің сөздігі. Алматы 1999ж.

ӨОЖ 82.02

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

Манашова Мунира Асқарқызы

Mynira-96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ядролық физика мамандығының 1 курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Р. Найманбай

Тіл – ұлтты күшейтудің бір жолы, тетігі деп айтамыз. Тіл жоқ жерде, ұлт та жоқ екендігін түсінеміз. Ата-бабаларымыздың арқасында бар бояуымен, сырлы сазымен осы күнге аман-есен жеткен түп-тұнық, мөп-мөлдір тіліміз бар екендігі де баршамызға аян. Тәуелсіздік байрағы желбіреген кезден-ақ, тіліміздің мәртебесі өсіп, беделі одан биік арта түсті. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл болып Ата заңымыз Конституцияда бекітілген. Бұл барлық елдерге беріле бермейтін бақ деп есептеймін. Бірақ сол бақты қазіргі ұрпақ қалай бағалап жүр? Қазақ тілінің деңгейі қандай жағдайда? Міне, осы сұрақ қазіргі жастарды алаңдатуда...

Елбасымыз халыққа арнаған Жолдауында мемлекеттік тілдің қадір-қасиетін мынадай пікірлер арқылы айтып келеді: «...тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі. ...Егер әрбір қазақ ана тілінде сөйлеуге ұмтылса, тіліміз әлдеқашан Ата Заңымыздағы мәртебесіне лайық орнын иеленер еді. Қазақ тілі туралы айтқанда, істі алдымен өзімізден бастауымыз керектігі ұмыт қалады. Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымен өзін қамшылауы тиіс» [1]. Меніңше, әр азаматтың бойында Елбасымыз айтқандай «...мен елім үшін не істей аламын, елімнің болашағы қандай жағдайда?!» деген сауал болу керек сияқты.

Рас, тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде біршама жұмыстар жүргізілді. Игі істер атқарылды. Оның дәлелі ретінде тіл оқыту Орталықтары мен Тілді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын айтуға болады [2]. Сол құжаттарда «... әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін тандап алуға құқығы бар» делінген болатын [2, 3]. Рас, Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Туған Отанымызда қаншама қаракөз, туыс-бауырлар оқып, білім алуда. Олардың көпшілігі мемлекеттік тілді үйренген де. Біз оған қуанамыз. Алайда, өзіміздің қазақ балаларының жағдайы қалай, отбасы тәрбиесінде мемлекеттік тіл мәртебесі көтеріледі ме?! Міне, бүгінгі баяндамада сол туралы айтқымыз келеді.

Қазақ тілінің тарихы тереңнен бастау алып, алтай тілдері қатарының түркі тілдері тобына жатады. Қазақ әдебиетінің алғашқы нұсқаларын V-VIII ғасырдан іздеу бағыты бар. Әрине, қазақ халқы өз алдына XV ғасырдың орта тұсында отау тіккенімен, оның құрамына енген ру, тайпалық одақтардың тарихы тым әріде. Қазіргі қазақ әдеби тілінің қалыптасуы XV ғасырдан басталады деген нақты пікір қалыптасты. Ол кезде қазақ ру-тайпаларының халық болып біріге бастауы, бір орталыққа бағынған қазақ хандығының құрылуы қазақ әдеби тілінің қалыптасуына тарихи қолайлы жағдай туғызды [3]. .

Тілді үйрену – өз ұлтыңды тану болып табылады. Ұлттық тілді білу – ұлт ділін, қасиетін, мінезін, ой, жан-дүниесін, сырын білу екенін, халықтық мәдениет пен дәстүрді жаңғырту болатынын естен шығармайық.

Бай қазынаны игеру қазақ тіліндегі көркем әдебиеттерді оқу, ғылыми еңбектермен танысу, жазба жұмыстарын жүргізу, күнделікті оқу, үйрену арқылы ғана орындалады. Зерттеу еңбектерде мемлекеттік тілді оқып-үйрену мынадай бағытта өткені жөн туралы пікірлер бар: «Бүгінгі таңдағы ана тіліміз үшін күрес екі майданда жүргізілуі керек, бірі – қазақ тілінің әлеуметтік қызмет аясын кеңейту, оны әсіресе кеңсе-іс қағаздарының да, ғылымның да, заң-сот істерінің де тіліне айналдыру болса, екіншісі одан кем түспейтін, тіл мәдениетін көтеру, тілімізді тек дұрыс қана емес, әсерлі, әдемі етіп жұмсау үшін күрес болуға тиіс. Мемлекеттік тілімізді мейлінше дамытуға, осы күні аса маңызды мәселе – тіліміздің мәртебесін ту етіп көтеруге қосылған үлкен үлес. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде кеңінен қолдануына қажетті жағдай жасауға ат салысу, оның қоғамдық аясын кеңейтуге, тіл мәдениетін арттыруға көмек беру үшін өткізілетін мәдени – көпшілік шаралар оқырмандарға тілді оқып-үйренуге қажетті әдебиеттермен, анықтамалық құралдар, сөздіктер, өз бетімен оқып-үйренуге арналған тілашар – тілдескіш көрнекті құралдарға шолу кітапхана жұмыстары ішіндегі ең бастысы болып табылады» [2].

Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – ұлттық діліміздің көрініс табатын әлеуметтік құбылысы, мәдениетіміздің биік тұғыры да. Сондықтан тіл – әлемдегі ұлттық мәдениеттің ара қатынасында аса маңызды. Қазақстан Республикасының тіл саясаты мемлекеттік тілді дамытуға және республикада қолданылатын өзге де тілдер үшін жағдай

жасауға бағытталып отыр. Бүгінде Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында да белгіленген басым бағыттардың бірі – барлық қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы ретінде мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға басты назар аударып отыр [2]. Сондықтан қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту – еліміздің саясатының басты стратегиялық басымдығы болып қала бермек. Бұл мақсат –Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламаларында да айқын көрініс тапқан. Осы мақсатта – Қазақстан халықтары Ассамблеясы да өз стратегиясында мемлекеттік тіл мен қазақ халқы мәдениетінің басты рөлі азаматтық және рухани мәдениеттің ортақтығы екендігін айтып келеді. Басқа ұлт өкілдерінің диаспорасы болып табылатын қазақстандықтар бүгінгі таңда қандай этникалық топқа жататындығына қарамастан, қазақ тілі мен мәдениетіне оның мемлекеттік қызметінің сақталуы мен нығаюының маңыздылығына көңіл бөлуде. Бұған дәлел ретінде соңғы жылдары Қазақстанда қазақ тілінде еркін сөйлейтін адамдар санының біртіндеп көбейіп келе жатқандығы. Бұған қоса, зерттеу нәтижелері орыс тілді қазақтардың мемлекеттік тілді меңгеруге деген ұмтылысы да белсенді түрде жүзеге асырылып келе жатқаны байқалады. Қазір республикамыздың барлық аймақтарында іс-қағаздарын мемлекеттік тіл – қазақ тілінде жүргізу нықтап орын алған. Қазіргі таңда мемлекеттік органдар мен ұйымдарда қоғамның жан-жақты салаларында оңтайлы әлеуметтік лингвистикалық кеңістікке қол жеткізу үшін жаңа қадамдар жасалуда. Басты мақсат – тілдік мұраны сақтау және қоғамдық өмірдің барлық саласында қазақ тілінің қолданылуын қамтамасыз етіп, оның барынша дамуына қол жеткізу. Белгілі бір тілдің мемлекеттік мәртебеге ие болуы оңай бола қалатын іс емес. Себебі ол тіл сол мемлекеттің иесі болып отырған халықтың мүддесінен шығып, барлық саладағы мұқтаждықты өтей алатын дәрежеде болуы шарт. Бұған қоса, көптеген ұйымдар Қазақстан халқының Тілдері күніне орай іс-шаралар өткізіп, тілге құрмет жасауда.

Тілді оқып-үйренуде – бұқаралық ақпарат құралдарының да ықпалы зор деп есептейміз. Олар тіл мүддесін қорғап, тіл зәрулігін қамтамасыз етуде мемлекетімізге қызмет жасап келеді. Қазіргі жастар бұқаралық ақпарат құралдарымен танысса, тілге деген сүйіспеншілік те арта түсер деп ойлаймыз. Себебі онда тіл үйренуге деген көптеген мүмкіндіктер жазылған. Олар ғаламтор материалдары, газет-журналдар, бейнетаспа, электронды оқулықтар. «Тіліміз құрып кетті, құрдымға батып бара жатыр», деп жан айқайға батпай, оның маңызы мен мүмкіндіктерін жан-жақты ашып, жұрттың оған деген сенімін нығайта түсуге күш салуымыз керек сияқты. Тілді насихаттау мен үйретуде жеке адамдардың, отбасының атқарар қызметін жан-жақты зерттеп, оны жүзеге асырудың озық әдістемесін жасауда да БАҚ-тың атқарар қызметі мол болуы деп есептейміз. Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткеніміз дұрыс деп есептейміз.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың қазақ тілін дамыту мен оның болашағы турасында айтылған ой-толғамдарын саралай келе, БАҚ өкілдеріне берген сұхбатынан «Атасы мен немересі екі тілде сөйлеп, әр ұрпақ өкілдері бірін-бірі түсінуден қала бастаған, ана тіліміздің басынан бағы тайып, негізінен ауызекі әңгіменің деңгейіне дейін төмендеген» деген сияқты кереғар жағдайды ұдайы назарында ұстап, жауапкершілік жүгін тереңнен сезінуіміз керек.. Ата заңымыз – Конституцияның 7-ші бабында «Қазақстан республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» екендігі нақтыланды. Демек, тәуелсіз мемлекетке атын берген қазақ халқының алдына ана тіліне қатысты әділ де заңдастырылған талаптарды жүзеге асыру жөніндегі қауырт жұмыстарды орындау міндеті қойылды. «Тілдер туралы» Заңның қабылданғанына да жиырма жылдан астам уақыт өтті. Бұл жеке адамның өмірімен таразыласақ, бесіктегі баланың ат жалын тартып мініп, өз алдына отау тігер шағы. Бірақ, тіл қоғамдық құбылыс, тұтас бір ұлттың рухани қазынасы. Тілдің көмегімен өнер-білімге, мәдениет-ғылымға жетіп, өткен-кеткенмен әлемді танып, өзімізді жұртқа – әлемге танытамыз, сөйлейміз, оқимыз, жазамыз, өз басымызды, үй-ішімізді, қоғам-халықты, ел-жұртты, мемлекетті меңгереміз – сондықтан «өнер алды қызыл тіл» дегендейін, адам

баласының байлығында тілден артық не бар.

Тіл – ұлттың жаны, адам жүрегінің айнасы. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілінде, рухы мықты иманында. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі болып танылады. Әр нәрсенің түп-тамыры болатыны сияқты, ана тіліміздің де түп-төркіні бар. «Ұлт боламын десең, бесігіңді түзе» деп дана бабаларымыз айтса, заңғар жазушымыз М.Әуезов: «халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім» дейді. Сондықтан да мемлекеттік тілімізді сақтап, оның қадір-қасиетін терең ұғынайық. Мемлекеттің басты құндылығы да тіл екенін ұмытпайық. Осы орайда батыр Бауыржан атамыз: «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды ұмыту» деген екен. Барлықтарыңызды ананың ақ сүтімен бойымызға тараған ана тілімізді дамытып, мәртебесін көтере білуге шақырамын.

Қолданылған әдебиет:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан халқына Жолдау // www.akorda.kz
2. Мемлекеттік тіл саясаты. – Алматы: Арқас, 2005. – 294 б.
3. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – 496 б.

ӘӨЖ 398.91: 59

ЖАН-ЖАНУАРЛАРҒА ҚАТЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ НЕГІЗІ

Меліс Айшырақ Медғатқызы

bota199393@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті,
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ.Өмірбекова

Жалпы қазақ мақал-мәтелдері біздің осы күнге дейінгі түсінігімізде, халықтың ғасырлар бойғы дүниетанымы, тәжірибесі жинақталып берілген, мазмұны жағынан ғибрат, өсиет сияқты, ізгі көркем, әрі ырғақты нақыл сөздер деп қалыптасып келеді.

Мақал-мәтелдер – ауыз әдебиетінің көне жанрларының бірі, ғасырлар қойнауынан бүгінгі күнге ешбір өзгеріссіз жеткен философиялық әрі шешендік тұжырымдар, аз сөзбен көп мағына беріп, мәнді ой түйінін жасайтын халық даналығы. Сондай-ақ қысқа да нұсқа сөз орамдары тілдік қорымызды байытар асыл қазынамыз[1,3].

Мақал мәтел халықтың өзі жасап алған заңы, өмірде болатын әр түрлі жағдайларды ұғындыратын, түсіндіретін құралы іспетті. Мақал-мәтелдерде, көбінесе, ортақ ой, жалпы ереже, анықталған қағидалар айтылады, түрі жағынан тілге жеңіл, құлаққа жағымды дыбысқа, ырғақ-ұйқасқа құрылады, көбінесе көркем тілмен – өлеңмен жасалады[1,7].

Негізгі зерттеу нысанына бармас бұрын, ең алдымен қазақ мақал-мәтелдерінің зерттелу тарихына шолу жасап, ондағы тіл мәдениетінің қарастырылуына тоқталып өткенді жөн көрдік.

Қазақ мақал-мәтелдерінің зерттелу тарихын негізінен үш кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1) XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 40-60 жылдарына дейінгі кезең қазақ мақал-мәтелдерін халық аузынан жинақтау, қағаз бетіне түсіру, жеке басылым ретінде шығару жұмыстарының жүргізілуімен сипатталады (Ы.Алтынсарин, Ә.Диваев, В.Радлов, Ш.Ибрагимов, М.Терентьев, Ф.Катанов, В.В.Катаринский, П.М.Мелироанский, Н.Н.Пантусов, А.Е.Алекторов, М.Ысқақов, А.Байтұрсынов, Ө.Тұрманжанов, Б.Ақмұқанова, М.Аққозин т.б.)

2) Мақал-мәтелдерді зерттеудің ғылыми айналымына түскен кезеңі. М.Әуезов,